

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

<sup>1</sup>Н. Аскерхан\*, <sup>2</sup>Б.И.Карипбаев

<sup>1,2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

(Қарағанды, Қазақстан)

<sup>1</sup>xnurgulan@mail.ru, <sup>2</sup>karipbaev@mail.ru

<sup>1</sup>N. Askerkhan, <sup>2</sup>B.I. Karipbayev

<sup>1,2</sup>Ye.A. Buketov Karaganda National Research University (Karaganda, Kazakhstan)

<sup>1</sup>xnurgulan@mail.ru, <sup>2</sup>karipbaev@mail.ru

**Сілтеме:** Аскерхан Н., Карипбаев Б.И. Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының Абай Құнанбайұлы шығармашылығымен сабақтастығы // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 1(93). – 3-14 бб.

**Аңдатпа.** Бұл мақала қазақ философиясы мен мәдениетінің дамуына зор ықпал еткен түркі-ислам өркениетінің екі ірі тұлғасы – Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) мен Абай Құнанбаевтың (1845–1904) философиялық идеяларын салыстырмалы тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеудің басты мақсаты – олардың ілімдерінің ортақ дүниетанымдық негіздерін анықтап, ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушылығы мен классикалық ислам философиясын байланыстыратын рухани сабақтастықты айқындау. Жұмыста әл-Фарабидің «Ізгі қала» мен «Ізгі адам» тұжырымдамалары жан-жақты қарастырылады. Бұл білім қоғамның үйлесімді дамуы мен жеке тұлғаның кемелдікке жетуіне негіз болатын негізгі құндылықтар ретінде ақыл, мораль, тәрбие және ортақ игілік алға тартылады. Сондай-ақ, еңбек пен ар-ожданды, сенім мен ақылды біртұтас үйлестіретін Абайдың «толық адам» концепциясы талданып, оның философиялық мазмұны айқындалады. Екі ойшылдың да еңбектерінде білімнің, тәрбие мен еңбектің әлеуметтік маңыздылығы және сенім мен ақылдың үйлесімді байланысы ерекше мәнге ие екендігі көрсетіледі. Салыстырмалы талдау нәтижесінде әл-Фараби әділетке негізделген қоғамның әмбебап үлгісін теориялық тұрғыдан қалыптастырған ойшыл ретінде танылады. Ал Абай осы идеяларды қазақ халқының ХІХ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайына бейімдеп, ұлттық мәдениетке лайықтап іске асырушы ретінде сипатталады. Әл-Фараби мен Абайдың философиялық мұралары бір-бірін толықтыратын, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіретін ортақ рухани жүйе ретінде бағаланады.

**Кілт сөздер:** фальсафа, Абай, дүниетаным, әл-Фараби, дін, кемелдік, руханият, әдебиет, перипатетизм, ислам.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

\*Автор-корреспондент: Н. Аскерхан, xnurgulan@mail.ru

*Kіpіcne*

Қазақ және жалпы түркі-мұсылман философиялық ойының тарихын екі ұлы тұлғасыз елестету мүмкін емес. Олар – ислам шығысында Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фараби және қазақ халқының ар-ожданына айналған ұлы ойшыл, ақын әрі ағартушы Абай Құнанбайұлы. Бұл екі данышпанның рухани туыстығы ең алдымен адамгершілік құндылықтарды дәріптеуінде, шындықты іздеуде, адам мен қоғамды жетілдіру идеяларын ұсынуында көрініс табады. Дәуірлік, мәдени және шығармашылық тұрғыдағы айырмашылықтарға қарамастан, әл-Фараби мен Абайдың мұралары түркі әлемінің терең рухани бағдарларын бейнелейтін біртұтас философиялық кеңістікке тоғысады. Қазақстан мен тұтас түркі-ислам әлемінің философиялық дәстүрлері өз заманының дүниетанымдық ізденістерін ғана емес, сонымен қатар рухани-мәдени дамудың әмбебап негіздерін қалыптастырған осы ұлы ойшылдардың ықпалымен жетілді.

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» ретінде бүкіл әлемге танылды және ислам өркениетінің ең ірі философтарының бірі болды. Оның еңбектері антикалық философиялық мұраны исламдық рухани дәстүрлермен ұштастырып, Шығыс перипатетизмінің негізін қалады. Ойшылдың философиялық ізденістерінің өзегінде адамның мәні, білім мен танымның мақсаттары, «ізгі қоғамның» табиғаты секілді мәселелер тұрды. Бұл идеялар мұсылман шығысына ғана емес, жалпы әлемдік интеллектуалдық дәстүрге де терең ықпал етті. Абай Құнанбайұлы XIX ғасырдағы қазақ философиялық ойының символы ретінде айрықша орын алады. Оның шығармашылығы, әсіресе «Қара сөздерінде» көрініс тапқан ойлары, күрделі әлеуметтік-тарихи үдерістердің айнасы болды. Олардың қатарында дәстүрлі қоғамдық жүйенің дағдарысы, отаршылдық қысым және ұлттық бірегейлікті іздеу сияқты құбылыстарды атауға болады. Дегенмен Абай қоғамды сынаумен шектелмей, ақыл, сенім, еңбек пен ар-ожданды негізгі категорияларға айналдырған тұтас адамгершілік-философиялық бағдарлар жүйесін ұсынды.

Әл-Фараби мұрасы мен Абай дүниетанымы арасындағы сабақтастықты зерделеу қазақ мәдениетіндегі философиялық дәстүрлердің тарихи жалғастығын тануға мүмкіндік береді. Бұл екі ойшыл рухани бір тізбектің ажырамас буындары іспетті: әл-Фараби – әмбебап философиялық жүйенің негізін қалаушы, ал Абай – оның ұлттық сипаттағы ізбасары әрі практикалық жалғастырушысы. Олардың идеяларын талдау Қазақстандағы философиялық ойдың тарихи эволюциясын айқындап қана қоймай, адамгершілік, руханият пен білім беру мәселелерінің мың жыл бұрынғыдай бүгінгі күнде де өзекті екенін дәлелдейді. Әл-Фараби антикалық грек философиясын, әсіресе Аристотель мен Платон мұраларын исламдық рухани дәстүрлермен органикалық үйлестіре білді. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы трактат» сынды еңбектерінде ол адам мен қоғамды адамгершілік тұрғыдан жетілдіру мәселелерін философиялық ойлау өзегіне айналдырды.

### *Зерттеу әдістері*

Мәтін негізінен тарихи-философиялық зерттеу әдісін қолданады. Бұл әдіс келесідей элементтерді қамтиды: Деректану – әл-Фарабидің философиялық трактаттарын, Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін, сондай-ақ қазақ мәдениетінің рухани артефактілерін талдау; салыстырмалы талдау жүйесі – әл-Фараби мен Абайдың дүниетанымдық көзқарастарының өзара сабақтастығы мен ықпалын анықтау; контекстуалды талдау – философиялық идеялардың тарихи, әлеуметтік және мәдени контексте, атап айтқанда исламдық философия, шығыс перипатетизмі мен қазақ қоғамы аясында қалай дамығанын зерттеу; герменевтика – Абайдың шығармаларын және әл-Фарабидің еңбектерін түсіндіру арқылы олардың терең мағыналарын ашу. Сонымен қатар жалпы философиялық әдістер – синтез, аналогия, абстракция әдістері қолданылады.

### *Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының идеялық ортақтықтары*

Әл-Фараби өзінің әйгілі «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» трактатында қоғамның басты мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізуге қолайлы жағдай жасау деп түсіндіреді. Оның пікірінше, шынайы бақыт тек ізгілік пен білім арқылы мүмкін. Бұл тұрғыда «ізгі адам» (аль-инсан аль-камиль) әл-Фарабидің пікірінде өз ақыл-ойын және адамгершілік қасиеттерін жеке игілікке ғана емес, қоғаммен үйлесімде ортақ игілік жолына жұмсайтын тұлға болып табылады [1]. Егер әл-Фараби жүйесінде «ізгі қала тұрғыны» – білім мен әділдікке сүйеніп ортақ игілікке қызмет ететін үлгілі тұлға болса, Абай мұрасында «толық адам» – өз халқына өнеге болатын, ар-ожданды, еңбекқорлықты, ақылды және сенімді біртұтас қасиетке айналдыратын мінсіз адам бейнесі.

Абай философиясының іргелі ұғымдарының бірі – «толық адам» категориясы. Бұл ұғым арқылы ол ақыл, сенім, мораль және еңбекқорлықтың үйлесімді тұтастығын бойына сіңірген тұлғаны сипаттады. Абай үшін «толық адам» – әрбір қазақ тек өзіне ғана емес, сонымен бірге қоғамға да пайда келтіруді мақсат тұтатын ең жоғарғы идеалдың көрінісі болды. Ойшылдың 17-қара сөзінен ақыл, қайрат, жүректің өзара маңыздылығы тұжырымдамада Абай адамның шынайы кемелдігі білім, қайрат, адамгершіліктен тыс мүмкін еместігін айқын көрсетеді. Оның ойлары әл-Фарабидің философиялық жүйесіне жақын: шығыс перипатетигі де адам ақыл-ой мен ізгілікті бірлікте жүзеге асырғанда ғана «ізгілікке» жетеді деп санаған.

Абай Құнанбайұлы қазақ халқының тағдыры үшін аса күрделі XIX ғасырда өмір сүрді. Бұл кезеңде Ресей империясының отаршылдық саясаты дәстүрлі көшпелі өмір салтының ыдырауына әкеліп, қоғамда әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі, моральдық құндылықтардың әлсіреуі, жалқаулық, қызғаныш пен тұрмыстық қақтығыстардың белең алуы байқалды. Осындай тарихи жағдайда Абай халықты ағартуға, білім мен адамгершілік жаңғыруға жетелеуді өзінің басты миссиясы деп таныды. Оның «Қара сөздері» өмірдің мәні, ақыл-ойдың, сенім

мен адамгершіліктің рөлі туралы терең сұрақтарға жауап іздеген философиялық трактат дәрежесіне көтерілді. Абайдың негізгі қағидаларының бірі – білімнің тәрбиімен ұштасуы қажеттігі. Жиырма бесінші сөзінде ол: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» – деп жазады [2]. Бұл ой әл-Фарабидің тұжырымдарымен үндес: ол да моральдық тектілікпен сабақтаспаған ғылым адамды шынайы бақытқа жеткізе алмайды деп түсіндірген.

Абай жалқаулық пен уақытты бос өткізу мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Оның «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» өсиетінде: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекермал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз» – деп көрсетіледі. Бұл жерде біз әл-Фарабидің адам тұлғасы ізгілікке ұмтылып, жамандықтан бас тарту арқылы қалыптасады деген идеясының нақты моральдық-практикалық жалғасын көреміз. Сонымен қатар, Абай дінді маңызды моральдық бағдар ретінде қарастырды, алайда ол соқыр сенім мен догмадан іргесін аулақ салады бірақ оның маңыздылығын көрсету үшін «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалғыз болмайды» – деп атап өтеді. Бұл ұстаным әл-Фарабидің философия мен ислам теологиясын біріктіруге бағытталған талпыныстарымен толық үндеседі.

Абай мен әл-Фарабидің философиясы тек қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді бейнелеу ғана емес, сонымен бірге әл-Фараби ілімдерімен терең сабақтас адамгершілік бағдарлардың жүйесі болып табылады. Егер әл-Фараби ақыл мен ізгіліктің негізінде бақыттың әмбебап тұжырымдамасын ұсынса, Абай осы идеяны XIX ғасырдағы қазақ қоғамының нақты тарихи-әлеуметтік жағдайына бейімдеп, оны білім, еңбек, ар-ождан және сенім категориялары арқылы толықтырды. Нәтижесінде, оның дүниетанымы әл-Фарабидің «ізгі қоғам» идеясын практикалық деңгейде жүзеге асырудың ұлттық үлгісіне айналды.

Әл-Фарабидің де, Абайдың да философиялық жүйесінде ақыл-ой адам тұлғасының құрылымында орталық орын алады. Әл-Фараби ақылды «шындыққа бағыттаушы күш» ретінде қарастырды. Оның түсіндіруінше, ақыл арқылы адам әлемді танып, жақсылық пен жамандықты айыра алады. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында ойшыл адамның табиғаты бойынша кемелдікке ұмтылатынын, ал бұл кемелдікке жету жолы тек интеллектуалды қабілеттерді дамыту арқылы мүмкін болатынын атап көрсетеді. Ақыл адамға ғалам заңдылықтарын түсінуге ғана емес, сонымен бірге әркім бақытқа жете алатын әділетті қоғам құруға мүмкіндік береді. Абай осы идеяны жалғастырып, оны нақты моральдық-әлеуметтік мазмұнмен толықтырды. Оның «ақыл мен ғылым – адамзаттың негізі» деген ойы ерекше мәнге ие. Абай үшін ақыл – абстрактілі категория емес, халықтың тағдырын өзгерте алатын практикалық күш. Дәстүрлі өмір салты дағдарысқа ұшыраған жағдайда ол ағарту мен ғылымды қазақ қоғамының жаңғыруына бастайтын негізгі жол деп қарастырды. Осы тұрғыда, әл-Фараби ақылды әмбебап философиялық деңгейде қарастырса, Абай оның ұлт үшін нақты тарихи рөлін ашып көрсетті. Білім мен ғылымнан айырылған халықтың дамуда артта қалуы заңдылық деп санады. Бұл жерде нәзік айырмашылық байқалады: әл-Фарабиде ақыл – жалпыадамзаттық бақытқа жетудің әмбебап құралы болса,

Абайда ол – қазақ қоғамын моральдық және мәдени тұрғыдан оятудың негізгі тетігі. Дегенмен екі ойшылда да ақыл этикадан бөлінбейді, мақсат игілікке бағытталуы тиіс деген [3].

Әл-Фараби білімді адамгершіліктен бөліп қарастыруға болмайтынын қатаң ескертті. Оның пікірінше, адамгершіліктен айырылған білім тек пайдасыз ғана емес, қоғамға қауіпті де болуы мүмкін. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде ол адамгершіліксіз ғалымды қоғамды бүлдіретін зұлымдықтың қайнар көзіне теңеді. Осы себепті, нағыз білім ізгілікпен ұштасып, адамдардың игілігіне қызмет етуі қажет деп тұжырымдады. Абай да бұл ұстанымды өз «Қара сөздерінде» терең өрбітті. Оның адамзаттың белгісі ары екендігі жайлы айтылатын пікірлері адамгершілікті жеке тұлғаның құндылығының басты өлшемі ретінде қояды. Абай үшін адам байлыққа немесе білімге ие болуы мүмкін, бірақ егер ол ар-намыс пен ар-ожданнан айырылса, онда оның адамдық қадір-қасиеті жойылады. Жетінші сөзінде ол замандастарын ар-ожданнан айрылып, материалдық мүддені бәрінен жоғары қойғаны үшін сынады.

Екі ойшыл да шынайы білімнің ізгілікпен сабақтас болуы тиіс екенін ерекше атап өтеді. Әл-Фарабиде адамгершілік «ізгі қаланың» философиялық құрылымына енсе, Абай оны халықтың күнделікті өмірлік тәжірибесі арқылы сипаттады: адалдық, қарапайымдылық, еңбекқорлық сияқты құндылықтар жалқаулыққа, қызғанышқа және өзімшілдікке қарсы қойылады. Әл-Фараби ақыл мен ізгілікті адам және қоғам бақытының жалпы шарттары ретінде теориялық деңгейде негіздеді. Абай бұл теорияны ұлттық контексте нақтылап, қазақ қоғамының әлсіз тұстарын сынап отырып, моральдық және мәдени жаңғырудың жолын көрсетті. Бұл параллель бүгінгі күн үшін де өзекті. Жаһандану мен ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде білімнің өзі бақыт пен әділеттілікті қамтамасыз етпейді. Қазіргі заман сын-қатерлері – экологиялық дағдарыстар, әлеуметтік теңсіздік, қақтығыстар – әл-Фараби мен Абайдың ойларының өміршеңдігін дәлелдейді: моральсыз ақыл жойқындыққа ұласады, ал этикамен ұштасқан ақыл ғана адам мен қоғамды кемелдікке жеткізе алады.

Әл-Фараби өзінің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» адам табиғатынан қоғамдық болмыс иесі екенін тұжырымдайды. Оның пікірінше, жеке адам шынайы бақытқа жалғыз жете алмайды; мұндай кемелдік тек әрбір мүшесі өз функциясын орындайтын қоғамдастықта мүмкін болады. Дене мүшелері бүкіл ағзаның өміршеңдігі үшін үйлесімді әрекет ететіні сияқты, адамдар да «ізгі қаланың» игілігі үшін қызмет етуі тиіс. Әл-Фараби мемлекет басшысы – философтың ерекше рөлін атап өткенмен, қоғамдағы әрбір адамның маңызын да жоғары бағалады: қолөнерші, ғалым, жауынгер, дикандардың еңбегі ортақ игіліктің құрамдас бөлігі болып саналады [4]. Оның тұжырымдауынша, жеке тұлғаның әлеуметтік құндылығы байлықпен немесе дәрежемен емес, жалпы игілікке қосқан үлесімен өлшенеді.

Абай Құнанбайұлы бұл идеяны жалғастыра отырып, оған ұлттық сипат дарытты. Оның «толық адам» концепциясы шынайы тұлғаның өзімшіл бола алмайтынын көрсетеді. Өлең жолдарында Абай: «Адамзаттың бәрін сүй

бауырым деп» деп жазады. Яғни, Абай үшін тек өз мүддесі үшін өмір сүретін, ашкөздік пен нәпсіге берілген адам қоғамға қауіпті саналады. Абай байлықты орынсыз ысырап ететіндерді, мақтан үшін өмір сүретіндерді сынап, «Бес нәрсеге асық бол» деп еңбекке, ғылымға және ар-ожданға ұмтылуды талап етеді. Оның түсінігінде, адам өзіне ғана емес, халқына да пайда әкелуі қажет. Егер әл-Фараби әлеуметтік игілікті «қаланың» абстрактілі моделінде қарастырса, Абай оны қазақ қоғамының нақты мәселелерімен – жалқаулық, қызғаныш, білімге ұмтылмаушылықпен байланыстырды. Әл-Фараби бұл “қаланың” басшысы – философ-патша болуы керек деп есептейді, ол ақыл мен білімнің шыңына жеткен кемел тұлға. Ізгі қала тұрғындары – бірін-бірі қолдайтын, ізгі істерге ұмтылатын, әркім өз орнын білетін адамдар.

Әл-Фараби нақты тарихи қоғамды емес, жалпыадамзаттық, әмбебап қағидағарға негізделген моральдық-этикалық және саяси жүйені сипаттауға тырысты. Оның мақсаты – қоғамдық кемелденудің логикалық және рационалды жолын көрсету болды. Бұл – қоғамдағы кемшіліктерді емес, жетілудің ең жоғарғы нүктесін көрсетуге бағытталған ғылыми-философиялық тәсіл. Абай Құнанбайұлының философиясы, Фарабидің іргелі қағидаларын қабылдай отырып, оны ХІХ ғасырдағы қазақ даласының күрделі әлеуметтік-экономикалық және моральдық-психологиялық жағдайына бейімдеді. Абайға абстрактілі қала емес, нақты ауыл және оның тұрғындарының қасиеттері маңызды болды. Абай Фарабидің ізгілік мұраттарына жетуге кедергі болатын нақты кеселдерді ашық айыптау арқылы іске асты. Оның «Отыз сегізінші сөзінде» айыптаған қазақ бойындағы «бес дұшпан» – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – Фарабидің «адасқан қалалар» қатарындағы тоғышарлық пен надандықтың жергілікті көріністері. Абайда жалқаулық бұл кеселді еңбекқорлыққа қарсы қояды, ал Фарабиде – әрекет етуге, ғылымға ұмтылуға. Абайда «Еріншектік – күллі дүниедегі өнер-білім, ғылым-хақиқат атаулының дұшпаны» деп, оны ізгілікке жету жолындағы ең үлкен бөгет санайды, ал қызғаныш Фарабидің «Ізгі қаладағы» өзара көмек пен әділеттілік қағидаларына қарама-қайшы. Абайдың сынында, руаралық араздық, дау-жанжалдардың артында осы қызғаныш пен күншілдік тұрады. Білімге ұмтылмаушылық болса Абайда «Ғылым таппай мақтанба» деп, Фараби философиясының негізгі тірегі – ақыл мен білімді жоғары қою қағидасын насихаттайды.

Абайдың шақыртуларында білімсіздік – тек жеке бастың ғана емес, бүкіл қоғамның тоқырауына әкеледі. Әл-Фараби философиясының негізгі құндылығы – идеалды мемлекеттің моделін ұсынуында. Бұл – кейінгі ойшылдар үшін үлгі болған, ақылға негізделген тұтас теория. Ал, Абайдың ұлылығы – осы әмбебап идеалистік қағидаларды алып, оны өзі өмір сүрген нақты әлеуметтік ортаға қолдануында. Абай Фарабидің бақытқа жету туралы қағидасын нақтылап, «Толық адам» болу үшін әр қазақ өз бойындағы жоғарыда аталған теріс мінездерден арылу керектігін талап етті. Фараби абстрактілі түрде «надан қала» мен «ізгі қаланы» салыстырса, Абай қазақ қоғамының өзін іштей «ізгілікке ұмтылғандар» және «надандықтың құрбандары» деп екіге бөлді. Осылайша,

екі ғұлама да бір мақсатты – адам мен қоғамды кемелдендіруді көздеді, бірақ әртүрлі тарихи кезеңдерге сәйкес теориялық және практикалық деңгейде қызмет етті. Бұл – идеяның мың жылдық дамуы және оның жергілікті мәдениеттегі нақты көрінісі. Осылайша, екі ойшылдың да көзқарасында адамның әлеуметтік құндылығы оның ортақ мүддеге қосқан үлесімен айқындалады. Екі ойшыл да адамның адамгершілік кемелдікке ұмтылуын, ақыл мен білімді адамзат болмысының іргетасы ретінде тануды, жеке тұлғаның тәрбиесі мен оның қоғамға тигізер пайдасының маңызын ерекше атап көрсетеді. Әл-Фараби ислам философиясында айрықша орын алады. Догматикалық бағыттан өзгеше түрде ол дін мен философияны қарама-қарсы қоймай, керісінше бірін-бірі толықтыратын құбылыс деп көрсетті [5]. Оның түсіндіруінде дін – көпшілікке түсінікті форма, ал философия – ақиқатқа ұмтылудың рационалды жолы. Бірақ олардың мақсаты ортақ: адамды ізгілік пен бақытқа жеткізу. Ол сенімнің мәні соқыр қабылдауда емес, ақыл арқылы бекіп, адамгершілік кемелдікке ықпал етуінде деп білді. Абай бұл ойды халыққа қарапайым тілмен жеткізді. Бірақ ол бірден-ақ сенімнің әрекетпен, адамгершілікпен және ақылмен бекітілмесе, мәнсіз болатынын ескертеді. Абай дінді тек сыртқы ғұрып ретінде қабылдап, оны моральдық өмірге енгізбейтіндерді қатты сынға алды. Осылайша, Абай үшін дін – тек ғұрыптар жиынтығы емес, ақыл мен адамгершілікпен сабақтас рухани тазару жолы. Бұл тұрғыда ол әл-Фарабидің желісін жалғастырады: сенім мен ақыл қатар жүруі тиіс. Егер олар ажыратылса, фанатизм (ақылсыз сенім) немесе суық рационализм (сенімсіз ақыл) пайда болады.

Екі ойшыл да адамды тұйық жаратылыс емес, қоғам мен рухани әлемнің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. Әл-Фараби үшін тұлғаның әлеуметтік маңызы оның «ізгі қаладағы» қызметінде көрінсе, Абай үшін ол – өзгеге үлгі болып, тәлімгерлікке жетелейтін «толық адам» бейнесінде көрініс тапты. Діни-философиялық тұрғыдан екеуі де бір пікірде: сенім мен ақыл өзара ажырамауы қажет. Әл-Фараби мұны философиялық негізде дәлелдесе, Абай оны халыққа поэтикалық әрі тәрбиелік тұрғыда түсіндірді. Олардың ілімдері философиялық сабақтастықты танытады: әмбебап теориялық үлгіден – ұлттық моральдық және ағартушылық тәжірибеге дейін. Сондықтан бұл идеялар тарихи маңызымен қатар, қазіргі заманда да құндылығын сақтайды. Өйткені ғылым, мораль және сенімнің үйлесімді бірлігі адамзаттың кемел дамуы үшін бүгін де шешуші рөл атқарады.

Абай Құнанбайұлының философиялық көзқарастары үш негізгі арнаны тоғыс-тырды: дәстүрлі қазақ мәдениеті, Шығыс философиясы мен поэзиясы және Батыс өркениетіне жол ашқан орыс мәдениеті. Дәл осы синтез Абайдың тұлғасын ұлттық философия тарихындағы айрықша құбылысқа айналдырды. Абай дүниетанымының негізгі шығармашылық манифесі болған «Қара сөздері» тек моральдық-дидактикалық жинақ ретінде ғана емес, прозалық стильде жазылған толыққанды әлеуметтік-философиялық трактат ретінде бағалауға болады. «Қара сөздер» ақынның көркемдік қуатын ғана емес, оның философиялық ойлау жүйесін де айқын көрсетеді және әлеуметтік, тәрбиелік әрі танымдық тұрғыдан аса маңызды орынға ие.

Әл-Фараби мен Абай ойлары арасындағы идеялық сабақтастық байқалғанымен, олардың философиялық ұстанымдарында елеулі айырмашылықтар бар. Әл-Фараби Платон дәстүрін жалғастырып, адамның идеалын иерархиялық «Ізгі қала» тұжырымдамасында қарастырды. Оның ойынша, адамның кемелдігі ең алдымен оның қоғамдағы орны мен әлеуметтік міндеттерімен анықталады [6]. Ал Абайдың дүниетанымында басты назар жеке адамның өзіндік адамгершілік жетілуіне аударылды. Бұл айырмашылық тарихи-әлеуметтік контекстпен түсіндіріледі: Әл-Фараби ислам өркениетінің өркендеу кезеңінде, империялық ой кеңінен дамыған дәуірде өмір сүрсе, Абай рулық қоғамның ыдырауы мен дағдарысы жағдайында өмір сүрді. Сондықтан оның философиясы персоналистік әрі моральдық-императивті сипатқа ие болды. Мұндай өзгеріс қазақ философиялық ойындағы перипатетикалық дәстүрдің тарихи бейімделуін түсінудің кілті болып табылады. Әл-Фараби «екінші ұстаз» ретінде философияны негізінен даналар мен таңдаулыларға арнаса, Абай өзінің халқының құлдырауын көре отырып, философиялық ойды баршаға түсінікті етуге ұмтылды. Ол халыққа жақын фольклорлық бейнелерді, діни уағызға жақын тіл мен қарапайым формаларды пайдаланды. Осы арқылы ол философияны тек интеллектуалдық элитаға ғана емес, бүкіл халыққа арнады. Бұл құбылыс бір идеологиялық дәстүрдің тарихи жағдайларға бейімделуі арқылы түрлі аудиторияға әрқилы қызмет ете алатынын айқын көрсетеді. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай Құнанбаевтың философиялық мұрасын салыстыру түркі-ислам әлемінің екі ұлы ойшылы арасындағы терең сабақтастық пен рухани байланысты айқын көрсетеді. Мың жылға жуық уақыттық алшақтық пен әртүрлі тарихи-мәдени жағдайларға қарамастан, олардың еңбектерінде негізгі ұстанымдардың айқын ұқсастығы сақталған.

Ойшылдар адамның адамгершілік кемелдікке ұмтылуын, ақыл мен білімді адамзат болмысының іргетасы ретінде тануды, жеке тұлғаның тәрбиесі мен оның қоғамға тигізер пайдасының маңызын ерекше атап көрсетеді. Әл-Фараби де, Абай да адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін ең абзал қасиет – ақыл екенін үнемі алға тартады. Әл-Фарабидің «екінші ұстаз» атануына себеп болған Аристотельдің ізімен дамыған логикалық және рационалдық таным оның бүкіл философиясының өзегін құрайды. Ол ақылды «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект» сияқты сатыларға бөле отырып, адамның білім арқылы кемелдену жолын ғылыми негізде дәлелдейді. Әл-Фарабидің пікірінше, ақыл – адамды шын бақытқа бастайтын басты құрал. Ал, Абай өз қара сөздерінде: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен табылады» дейді. Бұл – әл-Фарабидің рационалдық танымға негізделген ғылымды жоғары қою дәстүрін жаңа тарихи жағдайда жалғастыруы. Екеуі де ғылым мен білімнің мақсаты – ең алдымен Жаратушыны тану екенін, осы арқылы адам өмірдің мәнін тауып, дұрыс жолмен жүре алатынын атап көрсетеді. Екі ойшылдың да мұраты – жеке тұлғаның кемелденуі арқылы ізгі қоғам құру. Әл-Фараби өзінің әлеуметтік-саяси ілімінде «Ізгі қала» (Әл-Мәдина әл-Фадила) тұжырымдамасын ұсынады. Бұл қоғамды басқаруды толық кемелденген, дана, философ-патша басқаруы керек



деп есептейді. Бұл қаланың тұрғындары бақытқа жетуді мақсат етеді, ал оған жетудің жолы – өзара көмек, әділеттілік және ғылымға талпыныс. Абай бұл ізгі мұратты «толық адам» концепциясымен ұштастырады. Абайдың «толық адам» ілімі Фарабидің «Ізгі қала» тұрғындарының ең кемелденген үлгісі (камили инсани) туралы танымының тікелей жалғасы.

Толық адам – ақылы, қайраты және жүрегі үйлесім тапқан, имандылық пен адамгершілікті өмірлік ұстаным еткен тұлға. Мұндай тұлғалар біріккенде ғана әділетті, бақытты, берекелі қоғам орнайды. Екі ғұлама да қоғамдық әділетсіздіктерге, надандыққа, ғафылдыққа қарсы күресуді өз шығармашылығының өзегі етті. Сондай-ақ екі автор да сенім мен философияның үйлесімді бірлігін өмірлік қағида ретінде ұсынады. Әл-Фараби әмбебап философ ретінде әділеттілікке, үйлесім мен ортақ игілікке қызмет ететін ізгі қоғамның қажеттілігін теориялық тұрғыдан негіздеді. Оның «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары» мен «Ізгі адам» туралы тұжырымдамалары исламдық және жалпыәлемдік философияның даму бағытын айқындады. Ойшылдың пікірінше, бақытқа жету тек ақыл, мораль және қоғамдық ынтымақтастық арқылы мүмкін. Абай әл-Фарабидің осы идеяларын жаңғыртып, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік дағдарысы жағдайында оларды практикалық деңгейде іске асырды. Оның «Қара сөздері» мен поэзиялық шығармашылығы философтарға емес, қарапайым халыққа арналды. Қарапайым да терең ойлы нұсқаулар арқылы Абай қоғамда жауапкершілік сезімін, білім мен еңбекке ұмтылысты, ақылға негізделген сенім мен моральдық өзін-өзі жетілдіруді оятуға тырысты. Оның «толық адам» концепциясы – әл-Фарабидің «ізгі адам» идеалының ұлттық мазмұнмен практикалық бейнесі сабақтаса түседі.

### *Қорытынды*

Қазіргі қазақ философиясы өзінің өзіндік ерекшелігін сезіне отырып, заман ағысымен сәйкес «еуразиялық» сипатқа да ие болуда. Ежелгі грек және ислам ойларын синтездей білген әл-Фарабидің тәжірибесін қазіргі Қазақстандағы «диалогтық философияның» алғашқы үлгісі ретінде қарастыруға болады. Жүргізілген талдау бірқатар маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Шығыс перипатетизмі өзінің аса ірі өкілі – әл-Фараби тұлғасында қазақ философиясы үшін тек тарихи негіз ғана емес, сонымен бірге Абай Құнанбаев шығармашылығында айқын көрініс тапқан тұжырымдамалық тірек болып табылады. Екі ойшылдың еңбектерінде негізгі философиялық категорияларда сабақтастық байқалады: адамның кемелдікке ұмтылысы, қоғамның ізгілікке бағытталуы, сондай-ақ этикалық және метафизикалық қағидаттардың тұтастығы.

Сонымен қатар, қазақ философиясы өзін тірі және бейімделгіш дәстүр ретінде танытты. Ол Шығыс перипатетизмін шығармашылық тұрғыдан қайта ойлап, жаңа мазмұнмен толықтырды: ұжымдық идеалдан жеке тұлғаның адамгершілік жетілуіне басымдық берді; академиялық трактат формасынан халыққа түсінікті Абайдың «Қара сөздер» үлгісіне ауысты. Бұл трансформация

үдерісі қазақ ойының икемділігін ғана емес, сонымен бірге оның қазіргі еуразиялық идеялар үшін берік іргетас бола алатынын көрсетеді. Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы әл-Фарабидің «ізгі адам» идеясының ұлттық контексттегі көрінісімен сабақтас болып келеді. Екі ойшылдың көзқарастары өзара тығыз: әл-Фараби үйлесімді қоғам мен кемел тұлғаның теориялық моделін ұсынса, Абай осы үлгіні ХІХ ғасырдағы қазақ халқының нақты әлеуметтік және адамгершілік мәселелеріне бейімдеді.

Әл-Фараби де, Абай да шынайы бақыттың негізі тәрбие, еңбек, ақыл мен сенімде жатқанын ерекше атап көрсетті. Егер әл-Фараби бұл қағидалардың философиялық іргетасын қалап, теориялық жүйесін жасаса, Абай оны өз халқының күнделікті өмірімен сабақтастырып, тәлімгерлік мәні зор практикалық бағдарға айналдырды. Айрықша назар аударатын жайт – екі ойшылдың да адамгершіліктен айырылған білімді қатты сынға алуы. Әл-Фараби үшін бұл ғылымның моральсыз жағдайда қауіпті күшке айналатынын ескерткен теориялық қағида болса, Абай үшін ол өз дәуіріндегі ар-ұжданынан айырылып, тек материалдық пайдаға ұмтылған адамдарға бағытталған өткір сын болды. Түйіндей келе, әл-Фараби мен Абайдың философиялық мұралары арасындағы сабақтастық тек теориялық ұқсастық емес, ол – түркі-ислам дүниетанымындағы рухани-этикалық үздіксіздіктің айғағы. Олардың ілімдері ұлттық мәдениетіміздің мың жылдық терең тамырын, білімге, адамгершілікке және әділеттілікке негізделген мәңгілік құндылықтарды тасымалдап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде. Олардың ортақ тұжырымы: жеке тұлға мен қоғамның кемелдігі тек ақыл мен мораль бірлігінде ғана мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фараби мен Абайдың философиялық мұрасы бір рухани дәстүрдің қос шыңы болып табылады. Әл-Фараби қазақ пен исламдық ойды әлемдік философия контексіне енгізетін әмбебап биік деңгейде танылса, Абай сол идеяларды ұлттық-тарихи тәжірибеде жүзеге асырып көрсетті. Бұл синтез қазақ философиясының іргетасына айналып, ежелгі, исламдық және ұлттық құндылықтарды тоғыстырды. Қазіргі ХХІ ғасырда адамзат руханият, адамгершілік және әлеуметтік әділеттілік дағдарыстарына тап болып отырған шақта әл-Фараби мен Абайдың мұрасы өзінің өзектілігін жоғалтпайды. Олардың ілімдері адам мен қоғам шынайы бақытқа тек ақыл, сенім және адамгершіліктің үйлесімінде ғана қол жеткізе алатынын еске салады.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Әл-Фараби. Қайырымды қала / Р.Сейсенбаев. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. - 39 б.
- 2 Құнанбаев Абай. Қара сөздер / А. Құнанбаев. – Алматы: Атамұра. 2020. - 45 б.
- 3 Есім Ғ. Хакім Абай / Ғ. Есім. – Алматы: Қазақ университеті. 2006. - 75 б.
- 4 Бурабаев М.С. Проблемы бытия и познания в философии аль-Фараби / М.С. Бурабаев. – Алматы: Наука, 1988. – С. 92.
- 5 Алтаев Ж. Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы / Ж.Алтаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 101 б.

6 Нысанбаев Ә. Қазақ философиясы: тарихы мен мәселелері. Алматы: Қазақ университеті. 2006

*Transliteration*

1 Әл-Фараби. Qajyrymdy qala [The city of good] / R.Sejzenbaev. – Алматы: Halyqaralyq Abaj kluby, 2019. - 39 b.

2 Qunanbaev Abaj. Qara sozder [Word of edification] / A. Qunanbaev. – Алматы: Atamura. 2020. - 45 b.

3 Esim F. Hakim Abaj [Hakim Abay] / F. Esim. – Алматы: Qazaq universiteti. 2006. - 75 b.

4 Burabaev M.S. Problemy bytiya i poznaniya v filosofii al'-Farabi [Problems of bythia and position in the philosophy of Al-Farabi] / M.S. Burabaev. – Алматы: Nauka, 1988. – S. 92.

5 Altaev Zh. Әл-Фараби zhәне zamanauı Qazaqstan filosofiyasy [Al-Farabi and the philosophy of modern Kazakhstan] / Zh.Altayev. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 101 b.

6 Nysanbaev A. Qazaq filosofiyasy: tarihy men maseleleri [Kazakh philosophy: history and problems]. Алматы: Qazaq universiteti. – 2006

**Вклад авторов.** Н. Аскерхан, Б.И. Карипбаев внесли равнозначный вклад в разработку концепции исследования, проведение анализа, подготовку текста статьи и ее оформление для публикации.

**Аскерхан Н., Карипбаев Б.И.**

**Преемственность наследия Абу Насра аль-Фараби с творчеством Абая Кунанбаева**

**Аннотация.** Эта статья посвящена сравнительному анализу философских идей двух выдающихся представителей тюркско-исламской цивилизации, оказавших значительное влияние на развитие казахской философии и культуры, – Абу Насра аль-Фараби (870–950) и Абая Кунанбаева (1845–1904). Основная цель исследования – выявить общие мировоззренческие основы их учений и определить духовную преемственность, связывающую казахское просвещение XIX века с классической исламской философией. В работе всесторонне рассматриваются концепции аль-Фараби о «Добродетельном городе» и «добродетельном человеке». В этих учениях в качестве фундаментальных ценностей, обеспечивающих гармоничное развитие общества и достижение личностью совершенства, выдвигаются разум, мораль, воспитание и общее благо. Также анализируется концепция Абая о «толық адам» («совершенном человеке»), где гармонично соединяются труд и совесть, вера и разум. При этом раскрывается её философское содержание. В трудах обоих мыслителей особое внимание уделяется социальной значимости знаний, воспитания и труда, а также гармоничной связи веры и разума. В результате сравнительного анализа аль-Фараби предстает как мыслитель, теоретически сформировавший универсальную модель общества, основанного на справедливости. Абай же описывается как деятель, который адаптировал эти идеи к историко-социальным условиям казахского народа XIX века и реализовал их в рамках национальной культуры. Философское наследие аль-Фараби и Абая оценивается как единая духовная система, взаимно дополняющая друг друга и объединяющая традицию с новаторством.

**Ключевые слова:** философия, Абай, мировоззрение, Аль-Фараби, религия, совершенство, духовность, литература, перипатетизм, ислам

Askerkhan N., Karipbayev B.I.

**The continuity of Abu Nasr al-Farabi's legacy with the work of Abai Kunanbayev**

**Abstract.** This article is devoted to a comparative analysis of the philosophical ideas of two outstanding representatives of the Turkic-Islamic civilization, who had a significant influence on the development of Kazakh philosophy and culture – Abu Nasr al-Farabi (870–950) and Abai Qunanbaiuly (1845–1904). The main goal of the study is to identify the common worldview foundations of their teachings and to determine the spiritual continuity linking the Kazakh Enlightenment of the 19th century with classical Islamic philosophy. The work thoroughly examines al-Farabi's concepts of the “Virtuous City” and the “virtuous man.” In these teachings, reason, morality, education, and the common good are put forward as fundamental values that ensure the harmonious development of society and the attainment of perfection by the individual. The study also analyzes Abai's concept of the “tolyk adam” (“perfect man”), in which labor and conscience, faith and reason are harmoniously combined, with its philosophical content being revealed. In the works of both thinkers, special attention is given to the social significance of knowledge, education, and labor, as well as to the harmonious interrelation of faith and reason. As a result of the comparative analysis, al-Farabi appears as a thinker who theoretically formulated a universal model of a society based on justice. Abai, in turn, is described as a figure who adapted these ideas to the historical and social conditions of the Kazakh people in the 19th century and realized them within the framework of national culture. The philosophical heritage of al-Farabi and Abai is assessed as a unified spiritual system that mutually complements each other and integrates tradition with innovation.

**Keywords:** falsafa, Abai, worldview, Al-Farabi, religion, perfection, spirituality, Islam, peripatetism, literature.

*Келін түсті 08.12.2025*

*Қабылданды 14.02.2026*